

“Қарағанды қаласы Әділет басқармасы” ММ  
2017 ж. «07» 12  
ЗАҢДЫ ТҮЛҒАҒА  
мемлекеттік қайта тіркеу жүргізілді  
№ 4818-1930-01-К.М.К. куәлік  
БСН 990140001540  
Алғашқы тіркелген күні 1999 ж. «23.01»

«Қарағанды облысының  
мемлекеттік активтер және сатып  
алу басқармасы» ММ  
2017 ж.  
бұйрығымен  
бекітілді



Қарағанды облысының білім басқармасының  
«Қарағанды жоғары политехникалық колледжі»  
коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорынының  
**ЖАРҒЫСЫ**

Қарағанды қ., 2017 ж.

## **1. Жалпы ережелер**

1. Қарағанды облысының білім басқармасының «Қарағанды жоғары политехникалық колледжі» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорыны (әрі қарай – Кәсіпорын) шұғыл басқару құқығындағы коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорынның ұйымдастыру-құқықтық түріндегі заңды тұлға болып табылады.

2. Кәсіпорын Қарағанды облысы әкімдігінің 2012 ж. 4 қазанындағы №51/04 «Мемлекеттік кәсіпорынды қайта құру туралы», 2017 ж. 24 тамыздағы №53/02 «Кейбір коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорындарды қайта атау туралы» қаулыларына сәйкес құрылды.

3. Қарағанды облысының әкімдігі Кәсіпорынның құрылтайшысы болып табылады.

4. Кәсіпорынның мүлігіне қатысты мемлекеттік коммуналдық меншік құқықтары субъектісінің құқықтарын Қарағанды облысының әкімдігі жүзеге асырады.

5. «Қарағанды облысының білім басқармасы» мемлекеттік мекемесі Кәсіпорынды басқаруды жүзеге асыратын орган болып табылады.

6. Кәсіпорынның толық аталуы: Қарағанды облысының білім басқармасының «Қарағанды жоғары политехникалық колледжі» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорыны.

7. Кәсіпорынның мекен-жайы: 100000, Қарағанды қаласы, Бұқар Жырау даңғылы, 9 үй.

## **2. Кәсіпорынның заңды мәртебесі**

8. Кәсіпорын мемлекеттік тіркеуден өту сәтінен бастап заңды тұлға құқығына ие болады және құрылған болып есептеледі.

9. Кәсіпорынның Қазақстан Республикасының Мемлекеттік елтаңбасы бейнеленген мөрі, мемлекеттік тілде өзінің аты жазылған мөртабаны, белгілі үлгідегі бланкісі, заңдарға сәйкес банкіде есеп шоты болады.

10. Кәсіпорын Қарағанды облысының әкімдігінің келісімімен басқа заңды тұлғаның құрылтайшысы (қатысушысы) бола алады, сонымен қатар Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес филиалдар мен өкілдіктер құра алады.

Кәсіпорынның оқу-кеңес беру орындары, оқу орталықтары, дайындық курстары, оқу дәрісханалары мен зертханалары, оқу және оқу-өндірістік шеберханалары мен шаруашылықтары, оқу полигондары, оқу шахтасы, мамандар мен жұмысшылардың біліктілігін арттыру және қайта даярлау бөлімдері, құрылымдық бөлімшелері болуы мүмкін. Кәсіпорынның құрылымдық бөлімшелерінің (филиалдардан басқа) құрылуын Кәсіпорынның өзі құрылтайшыны хабарландыра жүзеге асырады және Кәсіпорынның Директорымен бекітілген, әзірленген құрылымдық бөлім туралы Ереженің негізінде әрекет етеді.

11. Кәсіпорынмен бекітілген және Қазақстан Республикасының заңды актілеріне сәйкес мемлекеттік міндетті немесе басқа да тіркеулерге жататын

азаматтық-құқықтық келісімдер тіркелу сәтінен бастап жетілдірілген болып есептеледі, егер басқалары Қазақстан Республикасының заңды актілерінде қарастырылмаса.

### **3. Кәсіпорынның мәні мен мақсаттары**

12. Кәсіпорынның қызметтік мәні білім беру қызметі болып табылады.

13. Кәсіпорынның мақсаттары болып табылады:

1) еңбек нарығында бәсеге қабілетті, орта білімнен кейінгі, техникалық және кәсіптік білімі бар мамандарды даярлау;

2) оқушыларды азаматтылыққа және ұлтжандылыққа, өз Отанын сүйеге, мемлекеттік рәміздерді құрметтеуге, ұлттық дәстүрлерді сақтауға, конституцияға және қоғамға жат кез келген көріністерге бейқамдық танытпауға тәрбиелеу;

3) оқушылардың тұлға ретіндегі шығармашылық, рухани және дене шынықтыру мүмкіндіктерін дамыту, салауатты өмір салтының негіздерін қалыптастыру, өзіндік қасиетін дамыту үшін жағдайлар жасау арқылы ой-өрісін байыту.

14. Кәсіпорын алға қойған мақсаттарын іске асыру үшін келесі міндеттерді жүзеге асырады:

1) ұлттық және жалпыадами құндылықтардың, ғылым мен тәжірибе жетістіктерінің негізінде тұлғаның қалыптасуына, дамуына және кәсіпқойлықты игеруіне бағытталған қажет жағдайларды құру жолы арқылы орта кәсіптік білім берудің кәсіптік білім бағдарламаларын іске асыру;

2) нақты мамандық және кәсібі бойынша қажет теориялық білімдері мен тәжірибелік дағдылары бар орта кәсіптік білімді білікті мамандарды даярлау, оларды қайта даярлау және біліктіліктерін арттыру;

3) еңбек нарығы мен жұмыс берушілердің талаптарын есепке ала отырып, білікті мамандар даярлаудың сапасын үнемі жетілдіру;

4) технологиялар мен өндірісте болып жатқан өзгерістерге байланысты, оларға қойылатын талаптарды үнемі арттыра отырып, жұмыскерлердің, қызметкерлердің, мамандардың біліктіліктерін арттыру;

5) мамандарды қайта даярлау;

6) кәсіптік білімдерді, дағдыларды және шеберліктерді тереңдету;

7) еңбек нарығы құрылымының өзгеруіне байланысты қосымша біліктілікті алу жолы арқылы кәсіптілік мүмкіндіктерін кеңейту;

8) кәсіптік және орта жалпы білімнің білім беру бағдарламаларын меңгеру үшін жағдайлар жасау;

9) оқушылардың тұлға ретіндегі шығармашылық, рухани және дене шынықтыру мүмкіндіктерін дамыту, салауатты өмір салтының негіздерін қалыптастыру, өзіндік қасиетін дамыту үшін жағдайлар жасау арқылы ой-өрісін байыту;

10) оқушыларды азаматтылыққа және ұлтжандылыққа, өз Отанын сүйеге, мемлекеттік рәміздерді құрметтеуге, ұлттық дәстүрлерді сақтауға,

конституцияға және қоғамға жат кез келген көріністерге бейқамдық танытпауға тәрбиелеу;

11) оқушыларда тұлғаның өз құқықтары мен міндеттеріне саналы қарайтын Республиканың қоғамдық-саяси, экономикалық және мәдени өміріне қатысу қажеттілігін қалыптастыру;

12) әлемдік және отандық мәдениет жетістіктеріне қатыстыру, республиканың қазақ және басқа да халықтарының дәстүрі мен салттарын, тарихын оқыту, мемлекеттік, орыс және шет тілдерін меңгеру;

13) оқытудың жаңа технологияларын енгізу, халықаралық коммуникациялық тораптарға шыға отырып, білім беруді ақпараттандыру.

15. Кәсіпорын алға қойған мақсаттарын іске асыру үшін келесі міндеттерді жүзеге асырады:

1) бір-бірімен жақын кәсіптердің мамандарын қайта даярлау және олардың біліктіліктерін арттыру, жұмыстан босаған жұмыскерлермен жұмыссыз халықты оқу орталы қайта оқыту және қайтадан даярлау;

2) 10-11 (12) сыныптардың жалпыбілім беру бағдарламасы бойынша негізгі, орта жалпы білім беру негізінде мамандар дайындауға мемлекеттің білім беру тапсырысын орындау;

3) 10-11 (12) сыныптардың жалпыбілім беру бағдарламасы бойынша негізгі, орта жалпы білім беру негізінде ақылы білім беру;

4) кәсіптік білім беру бағдарламалары бойынша орта білімнен кейінгі білім негізінде ақылы білім беру;

5) оқушыларды тамақтандыру және дәрігерлік қызметпен қамтамасыз ету, оқушылар мен тәрбиеленушілердің денсаулықтарын нығайту және оларды қорғауда қамтамасыз ету;

6) Қазақстан Республикасының заңдарында қарастырылған тәртіпте, жекелеген санаттағы оқушыларға, тәрбиеленушілерге көрсетілетін қосымша жеңілдіктер мен материалдық қамтамасыз ету түрлерін өз уақытында көрсетуді қамтамасыздандыру;

7) оқушылар мен тәрбиеленушілерді тұрақты нормаға сәйкес асырау мен тұру жағдайларымен қамтамасыз ету;

8) жетім балаларға және табысы аз отбасылардан шыққан балаларға, өз шығынын өзі өтеу негізінде оқитын өзге де санаттарға ақысыз негізде жатақханада орын ұсыну;

9) ас үй-асхана оқу зертханасында өндірілетін өнімді сату;

10) оқу-өндірістік шеберханалар мен оқу полигондарында жасалған, өз қолдарымен өндірілген өнімді іске асыруға.

16. Кәсіпорынның осы Жарғыда бекітілген оның қызметінің заты мен мақсаттарына сәйкес емес бермейтін қызмет түрлерін, сонымен қатар мәмілелерді жүзеге асыруға құқығы жоқ.

17. Кәсіпорынның Қазақстан Республикасының заңдарында немесе құрылтайшы құжаттарда шектеу қойылған іс-әрекеттерді іске асыруы, сонымен қатар жетекшінің жарғылық құзыреттілігін бұзу жағдайларында «Қарағанды облысының білім басқармасының» немесе «Қарағанды

облысының мемлекеттік активтер және сатып алу басқармасының», не болмаса прокурордың талабы бойынша жарамсыз деп танылады.

18. Кәсіпорынның Жарғысынан тыс қызметтерді жүзеге асыруға бағытталған жетекшінің іс-әрекеттері еңбек міндеттемелерін бұзу болып табылады және бұл оған тәртіптік және материалдық жауаптылық шараларын қолдануға әкеліп соғады.

#### **4. Кәсіпорынды басқару**

19. Қарағанды облысының әкімдігі:

1) Кәсіпорынды құру, қайта құру және жою туралы шешімдерді қабылдайды.

20. «Қарағанды облысының мемлекеттік активтер және сатып алу басқармасы» мемлекеттік мекемесі:

1) Кәсіпорынның Жарғысына өзгерістер мен қосымшаларды енгізеді;

2) Кәсіпорынға коммуналдық мүлікті бекітеді;

3) Кәсіпорынның мүлігін пайдалану, оның ішінде оны кепілге беру, біржола пайдалану және сенім арқылы басқару туралы шешімдерді қабылдайды.

21. «Қарағанды облысының білім басқармасы» мемлекеттік мекемесі:

1) Кәсіпорынның бюджетінен қаржыланатын міндетті жұмыстар (қызметтер) көлемін және қызметтің басым бағыттарын анықтайды;

2) Кәсіпорынның даму жоспарлары мен олардың орындалуы туралы есептерін қарастырады, мақұлдайды және бекітеді;

3) Кәсіпорынның даму жоспарларының орындалуына талдау жасайды және бақылауды жүзеге асырады;

4) Кәсіпорын мүлігінің пайдаланылуы мен сақталуына тексеру жасауды қамтамасыз етеді;

5) Директорды, оның орынбасарларын тағайындайды;

6) Педагогикалық қызметкерлерді аттестаттауды жүргізеді және оларға біліктілік санаттарын береді;

7) осы Жарғыда және Қазақстан Республикасының басқа да заңдарында қарастырылған өзіне жүктелген өкілеттіліктерді жүзеге асырады;

8) мемлекеттік кәсіпорындардың таза табысының белгіленген бөлігінің бюджетке толық және уақтылы аударылуына бақылауды жүзеге асырады.

22. Директор, сонымен қатар осы Жарғының 5 бөлімінде қарастырылған жағдайларда педагогикалық кеңес, оқу-әдістемелік кеңес қамқорлық кеңесі Кәсіпорын органы болып табылады.

23. Директордың тағайындалуы, оны аттестаттауды жүргізу Қазақстан Республикасының заңдарында бекітілген жағдайлардан басқа, Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген тәртіпте жүргізіледі.

24. «Қарағанды облысының білім басқармасы» мемлекеттік мекемесі Кәсіпорын директорымен Қазақстан Республикасының Еңбек Кодексіне сәйкес еңбек келісіміне отыру арқылы еңбек қатынастарын ресімдейді.

Еңбек келісімінде Қазақстан Республикасының Еңбек кодексінде бекітілген жағдайлардан басқа Кәсіпорын директорының бюджетке таза табыстың бекітілген бөлігін уақытында аударылмағаны үшін жауаптылық анықталады.

25. Кәсіпорын Директоры Кәсіпорынның қаржы-шаруашылық қызметі мен оның мүлігінің сақталуына жеке жауаптылықта болады.

26. Кәсіпорын Директоры Кәсіпорында орын алатын сыбайлас жемқорлыққа қарсы әрекеттерді ұйымдастыру үшін жеке жауаптылықта болады.

27. Кәсіпорын Директоры осы Жарғы мен Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген өз құзырының шегіне сәйкес дара басшылық көзқарастарымен әрекет етеді және Кәсіпорын қызметінің барлық мәселелерін өз бетімен шеше алады.

28. Директор:

1) Кәсіпорын атынан сенімхатсыз іс-әрекет жасайды және оның мүдделерін барлық органдарда қорғайды;

2) Қазақстан Республикасының заңдарымен белгіленген шектер мен жағдайларда Кәсіпорын мүлкіне иелік етеді;

3) келісім-шарттар жасасады және басқа да келісімдер жасайды;

4) сенімхаттар береді;

5) банк есепшоттарын ашады;

6) Кәсіпорынның барлық қызметкерлеріне міндетті болып саналатын бұйрықтар шығарады және жарлықтар береді;

7) Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне сәйкес қызметкерлерді жұмысқа қабылдайды және Кәсіпорын қызметкерлерімен жасасқан еңбек келісімдерін тоқтатады, Қазақстан Республикасының заңдары мен осы Жарғыда қарастырылмаған басқа да еңбек тәртібі шараларын немесе мадақтау шараларын қолданады;

Білім басқармасы лауазымдарға тағайындайтын немесе босататын Кәсіпорын қызметкерлерінің номенклатурасы басшылықтың ұсыны бойынша осы Жарғыда анықталады;

8) Кәсіпорынның қызметкерлері еңбек төлемінің үлгісін, штаттық кестені, лауазымдық ақы мөлшерлерін, ақшалай мадақтау жүйесінің үлгілерін (өзінің орынбасарлары мен бас бухгалтерден басқаларын) бекітілген еңбек төлемінің шегінде бекітеді;

9) «Қарағанды облысының білім басқармасы» мемлекеттік мекемесіне өзінің орынбасарларын тағайындауға немесе орындарынан босатуға ұсыныстар береді;

10) өзінің орынбасарлары мен Кәсіпорынның басқа да басқарушы қызметкерлерінің құзыреттілігін анықтайды;

11) «Қарағанды облысының білім басқармасы» мемлекеттік мекемесінің келісімі бойынша Кәсіпорынның филиалдары мен өкілеттіліктерінің директорларын лауазымға тағайындайды немесе лауазымдарынан босатады;

12) Қазақстан Республикасының заңдарында қарастырылған басқа да қызметтерді жүзеге асырады.

## **5. Іске асырылатын білім берудің оқу бағдарламаларының тізімі**

29. Кәсіпорын өз қызметінде келесі білім берудің оқу бағдарламаларын іске асыра алады:

- 1) техникалық және кәсіптік білімнің, орта білімнен кейінгі білімнің негізгі білім беру бағдарламалары;
- 2) қосымша білім беру бағдарламалары;
- 3) интеграцияланған бағдарламалар;
- 4) тәрбиелік бағдарламалар;
- 5) эксперименталдық білім оқу бағдарламалары.

## **6. Білім беру ұйымына қабылдау тәртібі**

30. Оқытудың барлық түрлері мен деңгейлері үшін Кәсіпорынға қабылдау негізгі, орта жалпы білім беретін мектептер мен кәсіптік мектептерді аяқтаған оқушылар, жоғары білімі бар және екінші мамандық алуға ынталы тұлғалар санынан жүзеге асырылады;

31. Кәсіпорынға оқушылар қабылдау тәртібі Қазақстан Республикасының Үкіметі бекіткен «Техникалық және кәсіптік білім берудің кәсіптік оқу бағдарламаларын іске асыратын оқу орындарына қабылдаудың типтік ережелеріне» сәйкес анықталады;

32. Кәсіпорын оқушыларды қабылдаудың шамасы мен құрылымын білім беру қызметін жүргізуге құқық беретін лицензияға сәйкес өз бетімен анықтайды. Облыстық бюджет қаржылар есебінен жүзеге асырылатын оқушыларды қабылдаудың көлемі мен құрылымы мемлекеттік білім беру тапсырысы, сонымен қатар техникалық және кәсіптік білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарының шегіндегі оқытумен байланысқан ақылы білім беру қызметінің қаржыларының шегінде анықталады.

33. Кәсіпорынға қабылдау кезінде Қазақстан Республикасының Конституциясында, Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген азаматтардың білім алуға құқықтарын сақтау, қабылдау комиссиясы жұмысының жариялылығы мен ашықтығы, оқуға түсушілердің мүмкіндіктері мен бейімділіктерін әділ бағалау қамтамасыз етіледі.

34. Кәсіпорында білім алушыларды оқудан шығарудың келесі тәртібі бекітілген:

- 1) оқушыны оқудан шығару мәселесіне мыналар негіздеме болса:
  - жекелеген пәндер бойынша ай сайынғы аттестаттау қорытындылары - егер семестр бойы 3 немесе одан да көп пәндерден үнемі аттестатталмаса;
  - семестр бойы бір айда сабақты себепсіз жиырма немесе одан да көп

сағат босатқаны туралы мәліметтер болса;

- емтихан сессиясының қорытындылары бойынша 4 немесе одан да көп пәннен борыштары болса және оларды белгіленген мерзімде өтемесе, бұл кезде емтиханға енгізілмеген семестрдегі пәндер бойынша білімді күнделікті тексерудің қорытынды бағалары емтихан бағаларымен бірдей есептеледі;

- оқушылардың Кәсіпорын қабырғасында және оның сыртында әдепсіз және моральға жатпайтын қылықтары болса;

2) оқудан шығару жүргізіледі:

- педагогикалық кеңес шешімінің негізінде және қысқы және жазғы емтихан сессияларының қорытындылары бойынша борыштарын қайта тапсыру мерзімі өтіп кетсе;

- бөлім Кеңесінің мәжілісі хаттамасының, директордың орынбасарының немесе бөлім меңгерушісінің өтінімінің негізінде – сессия аралығының кезеңінде;

3) оқудан шығаруға жататын оқушының академиялық борыштарының немесе сабақты босатуларының болуы кезінде курсты қайталап оқыту ұсынылуы мүмкін. Бұл кезде курсты қайта оқытын оқушылар бұрын оқыған жекелеген пәндерінен, сонымен қатар жақсы баға алған емтихандардан босатылуы мүмкін;

4) Кәсіпорынан шығарылған оқушыларға үш жылдың ішінде қайта қабылдану құқығы сақталады;

5) оқудан шығаруға байланысты басқа сұрақтар Кәсіпорын директорының тікелей қатысуымен шешіледі;

35. Оқу жұмыстарын ұйымдастыруға байланысты басқа мәселелер шешіледі:

- директордың рұқсатымен емтихан сессиясының кезінде, барлық емтихандарды тапсырып болған соң, қанағаттанарлықсыз баға алған оқушылар, емтихандарды қайта тапсыруға, сонымен қатар бағасын көтеру мақсатында, белгіленген уақытта семестрдің ішіндегі пәндер бойынша өте жақсы немесе жақсы үлгерім жағдайларында шәкіртақыға тағайындалу құқығын беретін, емтихандарды қайта тапсыруға босатылады;

- директордың рұқсатымен, жоғары курстарда бұрын оқылған жекелеген пәндер бойынша бағаны көтеру мақсатында емтихандарды қайтадан тапсыруға болады, бірақ екі пәннен көп емес;

- дипломның қосымшасына енгізу үшін үлгерімнің қорытынды бағалары соңғы емтихан бағасы бойынша анықталады, ал емтиханға енгізілмеген пәндер бойынша соңғы семестрдегі білімді күнделікті тексеру қорытындысы бойынша алынады.

## **7. Білім беру үрдісін ұйымдастыру, оның ішінде оқыту мен тәрбиелеу тілі, білім алушылардың сабақ тәртібі**

36. Мамандықтың нақты бағдарламасы бойынша білім беру үрдісінің мазмұны мен оны меңгерудің нормативтік мерзімін Кәсіпорын Қазақстан



Республикасының Білім және ғылым министрлігі бекіткен техникалық және кәсіптік білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарының, типтік оқу жоспары мен бағдарламаларының негізінде анықтайды;

37. Оқу үрдісінің жұмыстық оқу бағдарламаларын, бағдарламаларын және күнтізбелік кестелерін әзірлеу мен бекіту Кәсіпорынның құзырында болады. Кәсіпорын іске асырылатын білім беру бағдарламаларын оқушылардың меңгеруі үшін қажет білім берудің нысандары, әдістері мен жабдықтарын дербес таңдауға ерікті. Оқушылардың кәсіптік (оқу, технологиялық және диплом алдындағы) тәжірибелері Кәсіпорын мен ұйымдар арасында келіскен тікелей шарттардың, әлеуметтік серіктестік туралы келісімдердің негізінде тәжірибе өту базасы болып табылатын тиісті мекемелерде жүргізіледі;

38. Кәсіпорында оқыту мемлекеттік және орыс тілдерінде жүргізіледі, бұл сәйкес құрылымдық оқу бөлімдердің қажет санын құруды, сонымен қатар олардың қызметтеріне жағдай жасауды қамтамасыз етеді;

39. Кәсіпорында техникалық және кәсіптік білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарына сәйкес қазақ тілін мемлекеттік тіл ретінде оқыту және дамыту, сонымен қатар орыс тілін және шетел тілінің біреуін оқыту қамтамасыз етіледі;

40. Ұлттық топтар үшін ана тілін оқып үйренуге жағдайлар жасалады, ал олардың жинақы тұратын жерлерінде өздерінің сәйкес тілдерінде білім алу үшін құрылымдық бөлімдер (бөлімдер, топтар) құрылуы мүмкін;

41. Оқу жылы 1 қыркүйектен басталады және нақты мамандық бойынша оқу үрдісінің кестесіне сәйкес аяқталады;

42. Кәсіпорында оқу сабақтарының мынадай түрлері белгіленеді: сабақ, лекция, семинар, бақылау жұмысы, өздік жұмыс, кеңестер алу, тәжірибе өту, курстық және дипломдық жобалау (курстық және дипломдық жұмыс), интегралданған, бинарлық сабақтар, іскерлік ойындар және т.б.;

43. Барлық аудиториялық сабақтар үшін академиялық сағаттың ұзақтығы 45 минут, сабақтар әр пән үшін екі сағаттан жүргізіледі. Оқу аптасының ұзақтығы колледждің Кеңесімен белгіленеді;

44. Күндізгі, сырттай (және кешкі) оқыту нысандарының оқушылары үшін оқу үрдісінің кестесіне сәйкес, оқу жылында 2 рет демалыстар белгіленеді.

## **8. Білімді ағымды бақылаудың, оқушыларды аралық аттестаттаудың жүйесі, оларды өткізудің нысандары мен тәртібі**

45. Оқушылардың оқу жұмыстарын тексерудің мынадай басты нысандары белгіленген: емтихандар, бақылау жұмыстары, білімді күнделікті тексеру, аралық және қорытынды аттестаттау.

46. Оқу жұмыстарын тексерудің барлық түрлері бойынша оқушылардың білімдері, шеберліктері мен дағдылары, оқу, технологиялық және диплом алдындағы тәжірибелер мына балдармен бағаланады: 5 (өте жақсы), 4 (жақсы),

3 (қанағаттанарлық), 2 (қанағаттанарлықсыз). Дәрісханалық жұмыстар мен тәжірибелік сабақтар «сынақталды» және «сынақталған жоқ» деп бағаланады.

47. Емтихандар:

1) күндізгі бөлімнің оқушылары емтихан сессияларына ҚР Білім және ғылым министрлігінің шығарған нормативтік актлеріне сәйкес және оларды жетекшілікке ала отыра жіберіледі;

2) сырттай оқыту бөлімінің оқушылары бақылау жұмыстарын тапсырған жағдайда емтихан сессиясына жіберіледі;

3) оқу жоспарларымен анықталған емтихан сессиясы кезінде емтихандар оқу материалының осы емтиханын өткізу уақытына берілген көлемдегі тестілеу мәтіндік түрде немесе билеттер бойынша (жазбаша немесе ауызша тапсырмалар) жүргізіледі, бірақ екі семестрден артық емес. Емтихан өткізу нысаны (жазбаша, ауызша және т.б.) сол семестрдің басында оқу орнымен анықталады және оқушыға жарияланады. Емтихан билеттерінің және жазбаша жұмыстарға арналған тапсырмалардың мәтіндері, сонымен қатар электрондық құралдар қолданып пайдаланылатын тестілер пәндік (циклдық) комиссиямен (кафедрамен) бекітіледі;

4) оқушыларға емтихандарды алдын ала тапсыруға рұқсат етуге болады. Өте жақсы және жақсы үлгеретін оқушылар емтихандардан босатылады. Дәрігерлік-әлеуметтік сараптаманың қорытындысы бойынша шамадан тыс жүктеу рұқсат етілмейтін тұлғалар емтихандардан босатылуы мүмкін;

5) әрбір емтихан сессияларына әкімшілікпен бекітілген емтихандар кестесі құрылады, бұл оқушылар мен оқытушыларға оның басталуынан екі апта бұрын жарияланады. Кестені құрар кезде мыналар есепке алынады:

- нақты жұмыс күніне осы топқа тек қана бір емтихан жоспарланады;

- емтихандар аралығы екі күннен кем болмауы тиіс.

- емтиханды емтихан тапсыратын топта (мемлекеттік емтиханнан басқа) осы пән бойынша оқу сағаттарын өткізген оқытушы қабылдайды. Тестілік түрдегі емтихан Кәсіпорынның Тестлеу орталығында жүргізіледі;

- емтихан бағасын (қанағаттанарлықсыздан басқасы) оқушының үлгерім кітапшасына және емтихан ведомосіне (оның ішінде қанағаттанарлықсыз бағаны қоса) оқытушы қояды.

- барлық емтихандар аяқталған соң, қанағаттанарлықсыз баға алған оқушылар емтиханды қайта тапсыра алады.

48. Білімді күнделікті бақылау:

1) білімді күнделікті тексеру осы семестрде оқытылған барлық пәндер бойынша оқушылардың алған білімдері, шеберліктері мен дағдыларын жүйелі тексеруді қарастырады;

-2) әр семестрдің соңында оқытушылар барлық оқытылған пәндер бойынша білімді күнделікті тексеру негізінде қорытынды бағалар қояды. Күнделікті үлгерім қорытындылары бойынша қойылған бағамен келіспейтін оқушыларға осы пәнді оқыған материалдар бойынша емтихандар тапсыру құқығы беріледі;

3) емтихандарға енгізілмеген семестрдегі пәндер бойынша күнделікті

тексерудің қорытынды бағасы емтихан бағасымен бірдей есепке алынады. Дене шынықтыру сабағының қорытындылары бойынша оқушыларға олардың дене дайындығы мен дене сапасын дамыту динамикасын есепке ала кейбір нормативтерді тапсырмауы кезінде дұрыс баға қойылуы мүмкін;

49. Белгілі себептер бойынша (ауырғаны, отбасы жағдайларымен) емтихандар мен сынақтарды жалпыға бірдей мерзімде тапсыра алмаған оқушыларға тиісті денсаулық сақтау мекемелерінің құжаттарына қарап, директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары оларды тапсырудың жеке мерзімдерін белгілейді.

50. Емтихан сессиясының және күнделікті тексерудің қорытындылары бойынша үш сабақтан қанағаттанарлықсыз баға алған оқушылар оқу орнынан шығарылады.

51. Білім алушыларды оқудан шығару негіздемесі және тәртібі:

- 1) өз еркімен;
- 2) денсаулығына байланысты – дәрігерлік-санитарлық сараптау комиссиясының қорытындысының негізінде;
- 3) басқа оқу орнына ауысуына байланысты;
- 4) академиялық үлгермеуіне байланысты;
- 5) оқу тәртібін, Ішкі тәртіп ережелерін, Кәсіпорын Жарғысын бұзғаны үшін.

## **9. Ақылы білім беру қызметін көрсетудің тізбесі мен тәртібі**

52. Кәсіпорын бюджеттік қаржылар есебінен көрсетілетін білім беру қызметінің мөлшерінен көп негізде ақылы білім беру қызметін көрсетуге құқылы.

53. Кәсіпорын Қазақстан Республикасының заңдары бекіткен тәртібінің шегінде мемлекеттік жалпыға міндетті білім стандарттарының талаптарынан көп ақылы білім беру қызметін көрсету туралы келісім-шартқа қол қоя отырып келесі ақылы қызметтерді көрсетеді:

- 1) қосымша білім беру бағдарламаларын іске асыруға;
- 2) жекелеген білім алушылармен оқу жоспары мен бағдарламаларында көрсетілген оқу уақытынан көп мөлшерде пәндер бойынша (пәндер мен пәндер циклдары бойынша) қосымша сабақтар ұйымдастыруға;
- 3) білім алушыларға пәндер бойынша (пәндер мен пәндер циклдары бойынша) ғылымдар негіздерін тереңдетіле оқытуды ұйымдастыруға;
- 4) әр түрлі іс-шараларды ұйымдастыру мен өткізуге: білім алушылар мен тәрбиеленушілердің, педагог қызметкерлер мен жасы үлкен тұрғындардың арасында спорттық іс-шаралар, семинарлар, мәжілістер, конференциялар ұйымдастыруға және өткізуге, сонымен қатар оқу-әдістемелік әдебиетті іске асыруға;
- 5) жазғы демалысты ұйымдастыруға, білім беру ұйымдарында өткізілетін әр түрлі іс-шараларға қатысушыларды, білім алушыларды тамақпен қамтамасыз етуге;

6) кәсіптік білім беруді ұйымдастыруға (білікті жұмыс мамандары мен орта буын мамандарының біліктіліктерін арттыруға және қайта даярлауға);

7) оқу-өндірістік шеберханалардың, оқу шаруашылығының, оқу-тәжірибелік телімдердің өнімдерін өндіруді ұйымдастыруға және ысқа асыруға.

54. Ақылы білім беру қызметі мемлекеттік білім беру тапсырысының шегінде қаржыландырылатын негізгі білім беру қызметінің орнына көрсетілмеуі мүмкін.

## **10. Білім беру ұйымдары мен білім алушылардың және (немесе) олардың ата-аналарының және өзге де заңды өкілдердің қатынастарының тәртібі және рәсімдеу**

55. Кәсіпорында оқитындарға студенттер мен тыңдаушылар жатады.

Кәсіпорын директорының бұйрығымен техникалық және кәсіптік білім берудің білім беру бағдарламаларын меңгеру үшін қабылданған тұлғалар студент болып табылады. Кәсіпорын студенттеріне Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігімен бекітілген үлгідегі студент билеті мен сынақ кітапшасы беріледі.

Мамандардың біліктілігін арттыру және қайта даярлау бөліміне оқу үшін Кәсіпорынға директордың бұйрығымен қабылданғандар тыңдаушы тұлға болып табылады.

56. Кәсіпорында оқитындар құқылы:

- мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарына сәйкес білім алуға;

- жеке оқу жоспары бойынша мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарының шегінде білім алуға, колледж Кеңесінің шешімі бойынша – жеделдетілген білім беру бағдарламалары шегінде білім алуға;

- оқу жоспарларына сәйкес өзінің мүмкіндіктері мен бейімділіктеріне қарай қосымша білім беру қызметтерін алуға;

- өзін өзі басқару шегінде Кәсіпорынды басқаруға қатысуға;

- Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігімен бекітілген тәртіпте осы оқу мекемесіне қайта қабылдануға және ауысуға немесе осы оқу мекемесінен басқа оқу орнына ауысуға және керісінше, бір мамандықтан басқасына және бір оқу нысанынан екіншісіне, қаржыландырудың бір түрінен басқа нысанына, мемлекеттік емес оқу орнынан мемлекеттік оқу орнына ауысуға;

- Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігімен бекітілген тәртіпте осы білім беру ұйымының кітапханалық ақпараттар қорын тегін пайдалануға, оқулықтармен және оқу құралдарымен қамтамасыздануға;

- Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігімен бекітілген тәртіпте халықты жұмыспен қамтамасыздандыру саласындағы ережелер туралы мәліметтер және кәсіптік-диагностикалық зерттеулер алуға;

- өз пікірі мен ұстанымын еркін айтуға;

- өзінің адами қадір-қасиетін құрметтеуге;
- оқуда және шығармашылық қызметіндегі жетістіктері үшін сый ақы және марапаттаулар алуға.

57. Күндізгі оқу нысанында оқитын оқушылар құқылы:

- жергілікті уәкілетті органдардың шешімі бойынша қоғамдық көліктерде жол ақы төлеуде жеңілдіктерді пайдалануға;
- оқудан бос уақыттарында оқуды жұмыспен бірлестіруге;
- Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жедел әскери қызметтен кейінге қалдыруға;

58. Кәсіпорынның түлектері жоғары оқу орындарына түсу және (немесе) жұмысқа орналасу құқығына иелі;

59. Жетім балалар және ата-анасының қамқорынан тыс қалған балалар, күндізгі оқыту нысаны бойынша оқу кезінде колледжде толық мемлекеттік қамқорлықта болады;

60. Кәсіпорында оқушылардың құқықтары мен міндеттері Қазақстан Республикасының заңдарымен, колледждің Жарғысымен және Ішкі тәртіп ережелерімен анықталады;

61. Білім алушылар мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарының шегінде білім алуға, шеберлік пен дағдыны меңгеруге міндетті;

62. Білім алушылар өз денсаулығының қамын ойлауға, рухани физиологиялық өзін-өзі жетілдіруге міндетті;

63. Білім алушылардың міндеттерін бұзғаны үшін оларға Кәсіпорын Жарғысында, Ішкі тәртіп ережелерімен қарастырылған тәртіпке шақыру шаралары қолданылуы мүмкін;

64. Ақылы білім беру қызметін іске асыратын Кәсіпорын мен оқушыларының, олардың ата-аналарының және басқа да заңды өкілдерінің өзара қарым-қатынастары білім беру деңгейін, оқу мерзімін, оқу үшін төлем көлемін (білім беру қызметінің төлемі кезінде) анықтайтын келісім-шарт арқылы реттеледі.

## **11. Кәсіпорынның мүлігі**

65. Кәсіпорынның мүлігін құны оның балансында көрінетін активтері құрайды.

66. Кәсіпорынның мүлігі бөлінбейді және салымдар (жарғылық капиталға қатысушылар үлестері, пайлар) бойынша, сонымен қатар Кәсіпорын қызметкерлері арасында таратылмайды.

67. Кәсіпорынның мүлігі мыналардың есебінен құрылады:

- 1) оған меншік иесінің берген мүлігінің;
- 2) жеке өз қызметінің нәтижесінде сатып алынған (ақшалай пайданы қосқанда) мүліктің;
- 3) Қазақстан Республикасының заңдарымен рұқсат берілетін басқа көздердің.

68. Кәсіпорынды жүргізуге оның жарғылық мақсаттарында

қарастырылған қызметтерін қамтамасыз ету үшін қажет мүлік немесе осы әрекеттердің өнімі болып табылатын мүліктер болуы керек.

69. Шұғыл басқару құқығына ие болу және тоқтатылу Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінде қарастырылған меншік құқығына және басқа да зат құқығына ие болу және оны тоқтату жағдайлары мен тәртіптерінде жүзеге асырылады, егер басқасы осы Жарғыда қарастырылмаса немесе осы заттай құқық табиғатына қарсы келмесе.

70. Шұғыл басқару құқығына жататын мүліктерді пайдаланудан түсетін өнімдер мен табыстар, сонымен қатар Кәсіпорынның келісім-шарт немесе басқа да негіздер арқылы алынған мүлігі меншік құқығын алуға арналған Қазақстан Республикасының заңдарында анықталған тәртіпте Кәсіпорынның шұғыл басқару құқығына түседі.

71. Мүлікті Кәсіпорынға бекітіп беру туралы шешім қабылдаған меншік иесіне қатысты мүлікті шұғыл басқару құқығы, егер басқа жағдайлары Қазақстан Республикасының заңдарында немесе меншік иесінің шешімінде анықталмаса, мүлікті Кәсіпорын балансына бекітіп берген сәттен бастап туындайды.

72. Кәсіпорын негізгі қаржыларға қатысты мүлікті сыйға тарту, айырбастау, алып-сату келісімдерінің негізінде иеліктен шығару құқығын иелене алмайды.

73. Кәсіпорынның мүлігін шұғыл басқаруға құқық Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің 249 бабында қарастырылған меншік құқығын тоқтату тәртібі мен негізінде, сонымен қатар осы Жарғының 50 бөлімінде қарастырылған жағдайларда тоқтатылады.

74. «Қарағанды облысының мемлекеттік активтер және сатып алу басқармасы» мемлекеттік мекемесі «Қарағанды облысының білім басқармасы» мемлекеттік мекемесінің келісімі бойынша мүлікті шұғыл басқару құқығындағы Кәсіпорынға бекітілген мүлікті қайтарып алады, немесе егер басқасы Қазақстан Республикасының заңдарында анықталмаса өздерінің құрған заңды тұлғаларының арасына таратып бере алады.

75. Шұғыл басқару құқығына жататын мүлікті қайтарып алу туралы шешімде «Қарағанды облысының мемлекеттік активтер және сатып алу басқармасы» мемлекеттік мекемесі Кәсіпорыннан қайтарып алынған мүліктің оны басқа тұлғаларға берілгенге дейін сақталуын қамтамасыз етуді және ұстау мерзімін анықтайды (Кәсіпорынның шұғыл басқару құқығын анықтайды).

76. Кәсіпорын осы Жарғының 48 бөлімінде қарастырылған жағдайлардан басқа, негізгі қаражаттарына жататын өзіне бекітілген мүлікті иеліктен шығаруға немесе басқа да жолдармен өкімдік жүргізуге мемлекеттік активтер жәе сатып алу басқармасының жазбаша келісімі арқылы ғана беруге және тізім есебінен шығара алады.

77. Кәсіпорын өзіне бекітілген шұғыл басқару құқығындағы негізгі қаражатқа жатпайтын жылжымалы мүлігін өз бетімен пайдалануға құқылы.

## 12. Кәсіпорын қызметін қаржыландыру

78. Кәсіпорынның қызметі Қазақстан Республикасының бюджеттік заңдарында анықталған тәртіпте алынған бюджеттік қаржылармен өз пайдасының есебінен даму жоспарына сәйкес қаржыланады.

Кәсіпорынның даму жоспарларын әзірлеу және бекіту тәртібі Қарағанды облысының әкімдігі анықтайды.

79. Кәсіпорынның таза табысының бір бөлігін облыстық бюджетке аудару нормативі келесі үлгіде айқындалады:

1) Таза табыс 3 000 000 теңгеге дейін кезінде аудару таза табыс сомасынан 5 пайызды құрайды;

2) Таза табыс 3 000 001 теңгеден 50 000 000 теңгеге дейін кезінде аудару 150 000 теңге - 3 000 000 теңге мөлшердегі таза табыстан асқан сомадан 10 пайызды құрайды;

3) Таза табыс 50 000 001 теңгеден 250 000 000 теңгеге дейін кезінде аудару 4 850 000 теңге + 50 000 000 теңге мөлшердегі таза табыстан асқан сомадан 15 пайызды құрайды;

4) Таза табыс 250 000 000 теңгеден 500 000 000 теңгеге дейін кезінде аудару 34 850 000 теңге + 250 000 000 теңге мөлшердегі таза табыстан асқан сомадан 25 пайызды құрайды;

5) Таза табыс 500 000 001 теңгеден 1 000 000 000 теңгеге дейін кезінде аудару 97 350 000 теңге + 500 000 000 теңге мөлшердегі таза табыстан асқан сомадан 30 пайызды құрайды;

6) Таза табыс 1 000 000 001 теңге және одан жоғары кезінде аудару 247 350 000 теңге + 1 000 000 000 теңге мөлшердегі таза табыстан асқан сомадан 50 пайызды құрайды.

Кәсіпорын таза табысының бір бөлігі белгіленген нормативтер бойынша Қазақстан Республикасының Бюджет кодексінде белгіленген тәртіппен тиісті бюджетке аударылуы тиіс.

Кәсіпорын таза табысының бір бөлігін тиісті бюджетке аударуды корпоративтік табыс салығы бойынша декларацияны тапсыру үшін белгіленген мерзімнен кейін он жұмыс күнінен кешіктірмей жүргізеді.

80. Кәсіпорын өзінің шығаратын өнімін өз бетімен іске асыруға құқылы.

81. Кәсіпорынның өндіретін және іске асыратын тауарларының (жұмысының, қызметінің) құнын «Қарағанды облысының білім басқармасы» мемлекеттік мекемесі анықтайды.

82. Жарғыда қарастырылмаған, Қазақстан Республикасының заңдарымен тиым салынған іс-әрекет арқылы жасалған, сонымен қатар бюджеттен қаржыландыру есебінен құрылған тауарларды (жұмысты, қызметті) іске асыруға анықталған бағаның жоғарылатуы нәтижесінде алынған пайдалар Қазақстан Республикасының заңдарымен анықталған тәртіпте бюджетке қайтарылып алынады. Мүлікті пайдалану бухгалтерлік есеп ережелерінің көріністеріне сәйкес пайдаланбау деректері анықталған жағдайларда, ол қайтарылуға жатады.

### **13. Кәсіпорынның Жарғылық капиталы**

83. Кәсіпорынның Жарғылық капиталы жарғылық іс-әрекетті жүзеге асыру үшін басқаруға меншік иесінен алынған мүліктерден құралады.

### **14. Кәсіпорынның есебі және есеп беруі**

84. Кәсіпорынның бухгалтерлік есебін жүргізу және қаржылық есебін құру қаржылық есеп берудің ұлттық стандарттарына сәйкес «Қарағанды облысының білім басқармасы» мемлекеттік мекемесінің келісімі арқылы Кәсіпорын басшысы бекіткен есеп беру саясаты және Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп және қаржылық есеп беру туралы заңдарына сәйкес жүзеге асырылады.

85. Кәсіпорынның жылдық қаржы есебіне мыналар жатады:

бухгалтерлік баланс, кіріс және шығыс туралы есеп берулер, ақша қаражатының қозғалысы туралы есеп, капиталдағы өзгерістер туралы есеп, түсініктеме жазба.

### **15. Кәсіпорынның жауаптылығы**

86. Кәсіпорын шұғыл басқару құқығында өз міндеттері бойынша өкімдігіндегі ақшалай қаражатқа жауап береді. Ақшаның жетіспеушілігі кезінде оның міндеттері бойынша субсидиялық жауаптылықты Қазақстан Республикасы немесе сәйкес бюджет құралдарының әкімшілік-аймақтық бірлігі алады.

### **16. Еңбек ұжымымен өзара қарым-қатынас**

87. Еңбек ұжымы мен Кәсіпорын әкімшілігінің өзара қарым-қатынасы Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне және еңбек келісім-шарты арқылы реттеледі.

88. Кәсіпорынның жұмыс тәртібі ішкі еңбек ережелерімен анықталады және Қазақстан Республикасының еңбек заңдарының нормаларына қайшы келмеуі керек.

### **17. Кәсіпорын қызметкерлерінің еңбек ақысы**

89. Кәсіпорынның еңбек ақысы қорының мөлшерін жыл сайын «Қарағанды облысының білім басқармасы» мемлекеттік мекемесі бекітеді.

90. Еңбек төлемінің нысанын, штаттық кестені, лауазымдық ақы мөлшерін, ақшалай сый ақы және басқа да марапаттаулар жүйесін бекітілген еңбек төлемінің қорының шегінде Кәсіпорын өз бетімен анықтайды.

91. Кәсіпорын басшысының, оның орынбасарларының, бас бухгалтердің лауазымдық ақысының мөлшерлері, оларды ақшалай сый ақымен және басқа да марапаттаулардың жүйесін «Қарағанды облысының білім басқармасы» мемлекеттік мекемесі бекітеді.



## 18. Кәсіпорынды қайта ұйымдастыру және тарату тәртібі

92. Кәсіпорын іс-әрекетінің тоқтатылуы және қайта құрылуы Қарағанды облысының әкімдігінің шешімі арқылы жүргізіледі.

Кәсіпорын сонымен қатар Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінде қарастырылған басқа да негіздемелер арқылы жойылуы мүмкін.

93. Таратылған Кәсіпорынның мүлігін, қалған несиелердің заңды талаптарын қанағаттандырғаннан кейін, Қарағанды облысының мемлекеттік активтер және сатып алу басқармасы үлестіреді.

Таратылған Кәсіпорынның ақшалары, оған қоса Кәсіпорынның мүлігін іске асыру нәтижесінде алған қаржылары қалған несиелердің заңды талаптарын қанағаттандырғаннан кейін, сәйкес бюджет кірісіне аударылады.

## 19. Жарғыға өзгертулер мен қосымшалар енгізу тәртібі

94. Кәсіпорынның Жарғысына өзгертулер мен қосымшалар «Қарағанды облысының білім басқармасы» мемлекеттік мекемесінің ұсынысы бойынша «Қарағанды облысының мемлекеттік активтер және сатып алу басқармасы» мемлекеттік мекемесінің бұйрығымен енгізіледі.

**Қарағанды облысының білім басқармасы**  
**«Қарағанды жоғары политехникалық колледжі»**  
**КМҚК директоры**



*Ж.З. Рахимова*  
**Ж.З. Рахимова**